

Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 24 ақпандағы N C16-5 "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 4C10-10 шешімі. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қаңтарда N 1-8-74 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 маусымдағы № 93 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 05.06.2014 № 93 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабының негізінде және аудан әкімдігінің ұсынысы бойынша аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. Егіндікөл аудандық мәслихатының 2005 жылғы 24 ақпандағы № C16-5 «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Аймақтық Тізілімінде № 3111 тіркелген, 2005 жылғы 8 сәуірде аудандық апталық «Шұғыла-Целинная нива» газетінде жарияланған) шешіміне, аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 2 маусымдағы № C19-3 «Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 24 ақпандағы № 16-5 «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Аймақтық Тізілімінде № 1-8-10 тіркелген, 2005 жылғы 17 маусымда аудандық апталық «Шұғыла-Целинная нива» газетінің № 23 санында жарияланған), 2005 жылғы 5 қазандағы № C22-5 «Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 24 ақпандағы № 16-5 «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» шешіміне өзгертулер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Аймақтық Тізілімінде № 1-8-20 тіркелген, 2005 жылғы 31 қазанда аудандық апталық «Шұғыла-Целинная нива» газетінің № 40 санында жарияланған), 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 4C4-4 «Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 24 ақпандағы № C16-5 «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы» (нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Аймақтық Тізілімінде № 1-8-60 тіркелген, 2008 жылғы 10 қаңтарда аудандық апталық «Шұғыла-Целинная нива» газетінің № 1 санында жарияланған), 2008 жылғы 26 маусымдағы № 4С6-6 «Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 24 ақпандағы №С16-5 «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Аймақтық Тізілімінде № 1-8-70 тіркелген, 2008 жылғы 21 шілдеде аудандық апталық «Шұғыла-Целинная нива» газетінің № 27 санында жарияланған) шешімдерімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескеріле отырып, келесі толықтырулар енгізілсін:

1) 2 бөлімінің 5-1 тармағының 2 тармақшасы келесі сөздермен толықтырылсын « және коммуналдық қызмет шығынын өтеуге»;

2) 2 бөлімінің 5-1 тармағы келесі мазмұндағы 4 тармақшамен толықтырылсын: «4) жоғарғы оқу орындарының 5-6 курс студенттеріне оқу а қ ы с ы н т ө л е у г е » ;

3) 4 бөлім келесі мазмұндағы 12-2 тармақпен толықтырылсын: 12-2. 5-6 курстардың студенттерін оқыту ақысы бір оқушыға 300000 (үш жүз) мың теңгеге дейінгі шектеулі мөлшерде.»;

4) 5 бөлім келесі мазмұндағы 14-2 тармақпен толықтырылсын: «14-2. Студент оқитын оқу орнының растаушы құжаттарының негізінде».

2. Осы шешім Егіндікөл ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы: С.Жүсіпова

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы: Р.Муллаянов

КЕЛІСІЛДІ

Е г і н д і к ө л а у д а н н ы ң
әкімі Б.Султанов

КЕЛІСІЛДІ

Е г і н д і к ө л а у д а н н ы ң
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің бастығы А.Казбеков

КЕЛІСІЛДІ

Е г і н д і к ө л а у д а н н ы ң
экономика және

бөлімінің бастығы

б ю д ж е т т і к ж о с п а р л а у
Ж.Серкебаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК